

Өткен аптада Шахтинск қалалық орталық кітапханада қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Біз тарихымызды үйренеміз» атты 6505 әскери бөлімінің Долинка кентіндегі 2 - ші атқыштар батальонының сарбаздарының қатысуында семинар ұйымдастырылды.

### **А.ТҰРЖАНОВ**

Аталмыш шараны орталық кітапхана мен атқыштар батальоны ұйымшылдықпен ұйымдастырып, сарбаздарды қазақ халқының XVII ғасырлардағы тарихымен таныстырып, олардың алдына Қасымхан, Жәнібек, Кенесары, Абылайхан сынды хандарымыздың өнегелі өмірі, ерліктері дәріптелген кітаптарды жайып салып, терең тарихымыздың төңірегінде түсініктемелер беріліп, насихат жүргізілді. Оларға қазақ халқының көрнекті жазушысы Льяс Есенберлиннің «Қаһарман», «Көшпенділер», тағы басқа қазақ халқының өткен ғасырлардағы тұрмыс тіршілігін, қазақ хандығының құрылуын айқындайтын шығармаларының маңызы паш етіліп, сұхбат өткізілді.

Кітапхана мамандары қазақ хандығының пайда болуы және оның азаттық жолындағы күресі, әсіресе, жоңғар шапқыншылығында қазақ батырларының көрсеткен ерліктері жөнінде баяндама жасап, олардың бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлық бейнесі слайд

# Біз тарихымызды үйренеміз

арқылы көрсетілді. Шара барысында сарбаздар қазақ хандығының 550 жылдығы бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірталас жүргізді. Бірі жеті жарғы жайлы өз ойымен бөліссе, енді бірі қазақтың қалыптасқан салт – дәстүрі, мәдениеті, ұлан байтақ даласында өмір сүрген сақ және ғұн тайпаларының өмірі жайында пікірін білдірді.

Семинарды жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан орталық кітапхана мамандарына алғыс жаудырылды. Әскери бөлімнің клуб меңгерушісі Бибігүл Әнуарбекованың басшылығында дайындалған өнерпаз сарбаздардың концерттік бағдарламасы тарту етіліп, шара соңы ән мен күйге ұласып кетті.

